

Бәкірова Самал Әбілпатташқызының 8D02108-Хореография білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «Хореография өнері саласында мамандарды даярлаудың қазақстандық моделі (ұлттық би өнерін дамыту негізінде)» тақырыбындағы диссертациясына ресми рецензент өнертану кандидаты, профессор Шанкибаева Алия Бахитжановнаның

Пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Қазақстан Республикасының Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына (8D02108-Хореография) және ҚР МСМ МК Қазақ ұлттық хореография академиясы ШЖҚ РМК диссертациялық кеңесі туралы ережесіне сәйкес келеді.</p> <p>Өнер саласында білім беру жүйесін реформалау оқытудың жаңа әдістемелерін қолдану арқылы, хореографиялық білім беруді дамытуға және халықтың мәдени мұрасын сақтауға жол ашатын тиімді тәсілдерді әзірлеуді көздейді.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	<u>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды</u> , ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Диссертациялық жұмыс хореографиялық білім беру жүйесінің отандық тәжірибесін талдау арқылы ғылымға елеулі үлес қосады, хореограф мамандарды дайындаудағы Қазақ ұлттық хореография академиясының көпденгейлі білім беру жүйесі, ғылыми-шығармашылық жұмыстарды, ұлттық би өнерін дамытудағы жаңашылдығы анықталып, әрі қарай жетілдірудің жолдары ұсынылады.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың хореографиялық білім беру жүйесін зерттеген мемлекеттік тілдегі алғашқы ғылыми еңбек болуы жұмыстың практикалық</p>

			маңыздылығын арттыра түседі.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	С.Ә. Бәкірованың зерттеу жұмысы өз бетінше, дербес орындалған. Ізденушінің өзінің жазу деңгейінің жоғары екендігін, ҰМҒТСО АҚ қорының анықтамасынан, зерттеу барысында алынған нәтижелерден, ғылыми мақалаларда тақырыптың талдауынан көреміз. Шетелдік және отандық ғылыми әдебиеттерді пайдалануы және отандық хореографиялық білім беру жүйесі бойынша кешенді зерттеу жүргізуі және кездесетін мәселелерді шешудің жаңа жолдарын ұсынған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі негізделген. Хореографиялық өнер саласында білім беру деңгейлерінің мақсатын, міндетін ғылыми тұрғыдан негіздеу, отандық тәжірибені саралау, қоғамның сұранысына сәйкес келетін хореограф мамандарды дайындаудың қажеттілігін көрсетеді. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыстың ұлттық би өнерін дамыту негізінде зерттелуі, жаһандану дәуірінде ұлттық кодымызды сақтауға жол ашады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертациялық жұмыстың мазмұны, зерттеу тақырыбын толық көлемде айқындайды. Диссертациялық жұмыстың бірінші бөлімінде хореографиялық білім берудің даму кезеңдерін, ерекшелігін шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, талдап жоғары оқу орындарында кездесетін мәселелерді айқындап шешу жолдарын ұсынады. Екінші бөлімде отандық хореографиялық білім берудің инновациялық моделі ретінде Қазақ ұлттық хореография академиясының тәжірибесі талданған. Үшінші бөлімде Қазақ ұлттық хореография академиясының ұлттық би өнерін дамытудағы негізгі бағыттары айқындалады.

		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді;</u></p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндетінің зерттеу тақырыбына сәйкес келетіндігін, зерттеудің ғылыми аппаратынан, диссертациялық жұмыстың мазмұнынан көреміз. Зерттеу міндеттері зерттеу мақсатына жетудің жолдарын айқындайды.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан;</u></p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық тұрғыдан бір-бірімен толық байланысқан. Зерттеу аппараты, бөлімдері мен тармақтарының арасындағы байланыстары диссертациялық жұмыс мазмұнының біртұтас жүйелі сипатын ашады.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар;</u></p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген; талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</p>	<p>Диссертациялық жұмыста ізденуші хореографиялық білім берудің ұйымдастырудың жолдарын, ерекшелігін және ұлттық би өнерін дамытудың жолдарын қарастырған ғалымдардың еңбектерін сыни талдай келе, өзінің шешімдерін ұсынады.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болыптабыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері және қағидаттары отандық хореографиялық білім беру жүйесінде толығымен жаңа болып табылады. Нақтылайтын болсақ:</p> <p>- А.В. Селезнев атындағы АХУ, хореография өнері саласында жоғары білім беретін жетекші жоғары оқу орындарының тәжірибесінің ғылыми тұрғыдан жүйеленуі;</p> <p>- хореограф мамандарды дайындауда көпдеңгейлі білім беретін Қазақ ұлттық хореография академиясының ерекшеліктерін айқындап, білім беру процесін әрі қарай дамытуға арналған ұсыныстардың әзірленуі;</p> <p>- «Қазақ ұлттық биінің ғылыми-әдістемелік зертханасы» жұмыстарының оқу-әдістемелік, ғылыми, практикалық бағыттарын анықтап, шетелдік би зертханаларымен салыстырылып талдануы;</p> <p>- Қазақ ұлттық хореография академиясының «қазақ биі» пәнін жүргізетін жетекші педагогтардың</p>

			әдіс тәсілдерінің саралануы;
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа болуымен ерекшеленеді. Зерттеу барысында қолданылған ғылыми әдістер нақты қорытындылар жасауға мүмкіндік берген. Ізденуші хореография өнері саласында мамандарды даярлаудың тәжірибесін зерттеп, «қазақстандық модель» ұғымына анықтама береді. Зерттеу нәтижесінде хореографиялық білім берудің қазақстандық моделі ұлттық компонентті негізге алып ұйымдастырылуы қажет деп тұжырымдайды. Осы орайда, бакалавр деңгейінің оқу бағдарламасына «Қазақ халқының дәстүрлі би мәдениеті» элективті курсы енгізуді ұсынады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделгенбе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Ізденуші зерттеу жұмысының нәтижелерін 11 ғылыми мақала ретінде жариялаған. оның ішінде 1 мақала Scopus (Скопус) деректер базасына кіретін журналда, 5 мақала ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынатын журналда, 2 мақала шетелдік басылымдарды, 4 мақала халықаралық ғылыми басылымдарда жариялаған.</p>

7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>7.1. Қағидаттар теориялық, әдістемелік, практикалық зерттеу барысында дәлелденген.</p> <p>7.2. Тривиалды емес, себебі автор хореографиялық білім беру жүйесін ұйымдастыруда қолдануға болатын өзіндік ұсыныстарын әзірлеген.</p> <p>7.3. Диссертациялық жұмыстың қорғауға шығарылған әрбір қағидаттары хореография өнері ғылымында жаңа әдіснамалық негіздерімен, теориялық сыни талдау тұрғысымен, зерттеу жолдарымен ерекшелініп, жаңа болып есептелінеді.</p> <p>7.4. Зерттеу жұмысында келтірілген қағидаттарды, хореография факультеттерінде ғылыми-шығармашылық қызметтерді ұйымдастыруда, қашықтықтан сабақтарды жүргізуде, қазақ биі пәнін жүргізуде қолдануға болады. Сонымен қатар, зерттеудің нәтижелерін хореография өнері саласындағы білім беру бағдарламаларына пән ретінде енгізуге болады.</p> <p>7.5. Қағидалар ғылыми мақалалар мазмұнында дәлелденген.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Ия. Әдістеменің таңдауы диссертация мазмұнында негізделген және әдістемелік деңгейдегі әдіснама нақты жазылған. Диссертациялық жұмыста келтірілген нәтижелердің айқындылығы мен сенімділігі зерттеудің әдіснамалық базасымен; оның ішінде зерттеу тақырыбы бойынша студенттермен, қазақ ұлттық биінің ғылыми-әдістемелік зертханасының мүшелерімен жүргізілген сауалнамалар, салыстырмалы талдаулар, жетекші педагогтардың сабақтарының бейнематериалдарын сараптау және т.б. зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің, сондай-ақ алынған нәтижелерді статистикалық өңдеу әдістерінің оңтайлы үйлесімімен келтірілген.</p>

		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Ия. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері заманауи ғылыми зерттеу әдістерін қолдана отырып, алынған, зерттеу нәтижелері цифрлық технологиялардың көмегімен сарапталып, кесте, диаграмма, сызба ретінде көрсетілген.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Ия. Диссертацияның мазмұнындағы теориялық қорытындылар, модельдер анықталған және өзара байланысқан. Қорытындылар, ғылыми әдебиеттерге, мұрағат материалдарына, Қазақ ұлттық хореография академиясының тәжірибесінің негізінде жасалынған. Сонымен қатар, жоғары оқу орнындағы өзінің ғылыми-педагогикалық тәжірибесін қолданады.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Отандық және шетелдік авторлардың еңбектері зерттелген.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Ия. Отандық хореография педагогикасының даму кезеңдері анықталған. Кәсіби хореографиялық білім беру деңгейлерінің әрқайсысының мақсаттары мен міндеттері, дайындық ерекшеліктері талданып, ғылыми тұрғыдан негізделген. Ұлттық биді дамыту негізінде хореограф-мамандар даярлаудың қазақстандық моделін іске асырудың перспективалық міндеттері айқындалды.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Ия. Зерттеу жұмысының ғылыми тұжырымдамасы хореографиялық өнер саласындағы мамандарды даярлау процесін жаңғыртуға, білім беру процесінің сапасын арттыруға ықпал етеді. Жүргізілген жұмыстың практикалық маңыздылығы -</p>

			Қазақ ұлттық хореография академиясында және басқа да хореографиялық оқу орындарында олардың қызметінің барлық бағыттары бойынша көп деңгейлі білім берудің ұлттық моделін жетілдіруде пайдаланылады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар жаңа. Әсіресе, ізденушінің «Қазақ ұлттық биінің ғылыми-әдістемелік зертханасының» қызметін әрі қарай дамытуға арналған ұсыныстары, ұлттық хореография өнері саласында мамандарды даярлауда ұсынылған «Қазақ халқының дәстүрлі би мәдениеті» атты элективті курсы жұмыстың практикалық құндылығын арттыра түседі.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Ғылыми зерттеу жұмысы диссертациялық жұмысқа қойылатын талапқа сәйкес академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертациялық жұмыстың құрылымын рәсімдеу белгіленген талаптарға сәйкес орындалған, жүйелі тұрғыдан ғылыми стильде жазылған.

Шешім: Бәкірова Самал Әбілпатташқызының 8D02108-Хореография білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «Хореография өнері саласында мамандарды даярлаудың қазақстандық моделі (ұлттық би өнерін дамыту негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптары мен «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарға сәйкес келетіндіктен философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

Темірбек Жүргенов атындағы
Қазақстан Ұлттық өнер академиясының
«Сахна пластикасы және дене тәрбиесі»
кафедрасының меңгерушісі,
өнертану ғылымдарының кандидаты,
профессор

Шанкибаева А.Б.

ҚР МСМ - ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РММ
РГУ «КАЗАХСКАЯ НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ ИСКУССТВ
ИМЕНИ ТЕМИРЬЕКА ЖУРГЕНОВА» МКС РК

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ҚУЖАТТАУ ЖӘНЕ ІРКЕУ ҚЫЗМЕТ
СЛУЖБА ДОКУМЕНТИРОВАНИЯ И УЧЕТА ПЕРСОНАЛА

ҚАСТАЙМЫН _____
ЗАВЕРЯЮ _____

